

НАУРЫЗ

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!
АҚ МОЛ БОЛСЫН!



Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы.

Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава=жаңа + рэзаһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде жазылып келеді.

Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ.

Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандағының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан иесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын.



Наурыз мейрамы - көне дәстүр сабақтастығының белгісі саналатын, ұлттық мәдениетіміздің қайта түлеген ерекше мерекесі. Халық арасында бұл мереке ұлттық таным бойынша үйге жыл бойы молшылық пен сәттілік әкеледі деген сенім бар.

Қазақтар бұл мейрамда ең жақсы киімдерін киіп, туған-туыс, көрші-қолаңмен жиналып, дәстүрлі спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырады, ән айтып, би билейді. Наурыз мейрамына тән салт-дәстүрлер де қалыптасқан. Оның ішінде ең маңыздысы – жаңаруға, тазалыққа бет бұру. Ол көптеген ғасырлар бұрын пайда болып, бүгінде жойылған жоқ. Адамдар тек үй ішін емес, ауланы да тазалайды. Ең бастысы - ақ сақалды Қыдыр атаға (сенім бойынша мереке қарсаңында келетін қария) халықтың жаңа жылға қалай дайындалатынын сезіндіру. Ол үшін түні бойы киіз үйдің төріне екі майшам жағылады. Қазақта Наурыз мейрамына қатысты түрлі сенім-наным бар. Мысалы, егер мерекедің үй іші таза болса, онда оның тұрғындары жыл бойы: қиындықсыз, уайымсыз өмір сүреді; ауру-сырқау, пәле-жаладан аулақ болады.

Наурызда
Самарқанның көк
тасы да жібиді"
деген сөздің
астарында үлкен мән
жатыр. Наурыз тек
күн мен түн теңесіп,
тіршілік атаулыға
жан бітетін мейрам
емес. Бұл бірлік пен
еңбектің,
мейірімділік пен
ізгіліктің, достық пен
татулықтың
мерекесі. Наурыз
мейрамында бұрын ренжісіп
жүргендер өкпе-ренішін ұмытып,
татуласады, бір-біріне кешіріммен
қарайды. Таң атысымен бір-бірінің
үйіне кіріп, құтты болсын айтады,
үйлерінің алдын, аулаларын кір-
қоқыстан тазартып, ағаш
отырғызады, гүл егеді. Әр жерде
көкпар, қыз қуу, қазақ күресі секілді
ұлттық ойындардан жарыс
ұйымдастырылады, ән шырқалады,
би биленеді, қыз-жігіттер
алтыбақан тебеді.



Наурыз

Сонымен қатар, міндетті түрде Наурыз мейрамының дәстүрлі тағамы – Наурыз көже дайындалады. Наурыз көжеге ең кемі жеті түрлі дәм қосылады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Барлығына ортақ мейрам. Бұл ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы күні. Қазақ халқы бұл мерекеге Ұлыстық ұлы күні деген екінші атау берген. Наурыз мерекесі заманауи өмірге үйлесімді түрде өзгертіліп келіп, қоғамда достық пен келісімнің нығайында үлкен рөл атқара бастады. Заманауи Наурыз - «уақытты байланыстыру», Қазақстанның тарихы мен қазіргі заманындағы маңызды байланысы болып табылады.

1. Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді. Мысалы, қыз қуу, алтыбақан құру, ұлттық билер, көкпар, бәйге және т.б.
2. Сондай-ақ Наурыз қарсаңында қарыз қайтару, арадағы ренішті кешіру және барлық қиындықтарды ескі жылы қалдыру керек деп есептеледі. Жаңа жылды жаңашылдықпен бастау үшін мереке алдында үйді тазалап, қажетсіз заттардан құтылып, қоқыстардан тазарту керек.
3. Наурыз батасы. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл жақсы тілек: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн мошшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады.
4. Егер Наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлпілдек қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді.
5. Ежелгі заманда Наурызды барлық тұрғындар таңды қарсы алуға шығумен бастаған. Сонымен бірге, халық арасында көжені қарын тойғаниша ішсе, келесі жыл жемісті болады деген сенім бар. Егер көжені жеті үйден татса, онда жыл сәттілік әкеледі.

Ақпараттық—библиография бөлімі.

Ақжолтаева .Л.